



СУРЕТ: ГАЛИЯ ДАНИЯРОВА USAID ҮШІН

“ОРТА АЗИЯ ЭНЕРГЕТИКАСЫ” USAID ЖОБАСЫ

Орта Азия (ОА) жаңартылатын энергия көздерінің бай әлеуетіне, энергетикалық тиімділікті арттыру мүмкіндігіне ие. Ол энергетика саласында өңірлік ынтымақтасты арттыруға мүдделі және нақты мақсаты бар. USAID-тың “Орта Азия энергетикасы” жобасы өңірдегі бес ел – Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстанға энергетикалық қауіпсіздік саласында ұлттық және өңірлік басымдыққа қол жеткізіп, өңірде электрқуатын сатып, экономикалық пайда көруге көмектеседі. Жоба төменде көрсетілген негізгі үш міндетті іске асыру үшін ұлттық үкіметтер мен энергетика саласындағы мүдделі тараптармен тығыз байланыста жұмыс істейді:

| <p>ҰЛТТЫҚ НАРЫҚТЫ ЛИБЕРАЛИЗАЦАЛАУДЫ РЕФОРМАЛАУ</p> | <p>ТАЗА ЭНЕРГИЯ</p> | <p>ЭЛЕКТР ҚУАТЫНЫҢ ӨҢІРЛІК НАРЫҒЫ</p> |
|---|--|--|
| <p>ОА елдеріне ұлттық энергетика стратегияларын жаңартуда, оңтайлы нарық құрылымын, соның ішінде құқықтық, институционалдық, нормативтік және техникалық базаны жасауға көмектеседі. USAID шығынды ескере отырып, тариф жасау әдістемесін әзірлеуге, сондай-ақ, өндірісті жаңартып, олардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге көмектеседі.</p> | <p>ОА елдеріне өңірде стратегия әзірлеп, таза энергия мен энергия тиімділігін интеграциялау мәселесін жоспарға енгізу арқылы таза және жаңартылатын энергия көлемін арттыруға көмектеседі. USAID таза және жаңартылатын энергияға инвестиция тартуға да қолдау білдіреді.</p> | <p>USAID трансшекарада электр қуатын сатып, энергия өндіретін және оны тасымалдайтын желілерге қол жеткізу мүмкіндігін арттыра отырып, ұзақ мерзімдік қолдау көрсетеді. Сондай-ақ, техникалық және нарықтық құрылымдарды үйлестіру арқылы Жоба электр қуатының өңірлік нарығының моделін де әзірлеп жатыр.</p> |

ҚАЗАҚСТАН. USAID жаңа технологиялар мен алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибені пилоттық жоба ретінде енгізуге көмектеседі. Мысалы, ұсынылып отырған ақылды есептеу жүйесі **182055 тұтынушыны** электр қуатымен қамтамасыз ету қызметінің сапасын жақсартуға көмектеседі. Таза және жаңартылатын энергия аукциондары жел энергиясының бағасын **кВт/сағатына** рекордтық **2,6 центке** дейін түсіруге көмектесті. Бұл – өңірдегі ең төменгі бағаның бірі. Жоба әзірлеушілер жаңа жобаға **\$2,24 млрд.** жеке инвестиция тартты. 2030 жылға қарай парник газіндегі **CO₂** -нің ауаға таралуы **60,28 миллион тоннаға** дейін қысқарады немесе толықтай тоқтайды деген болжам бар.

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ. USAID энергетика секторын реформалап, елдің таза энергияға көшуіне қолдау көрсету үшін Энергетика министрлігімен серіктестік орнатуда. Ол таза және жаңартылатын энергия желілеріне байланысты қиындықтарды талдау, жаңа жоба жүргізетін нүктелерді таңдау, **электр қуатын сатып алу туралы Келісімшарт** жасау, сондай-ақ, бөлінетін электр қуатының артықшылығын көрсету үшін **күн панельдерін шатырға орнату** сияқты шағын ауқымды пилоттық жобаларды таныстыруды қамтиды. USAID Министрліктің **Гендерлік Кеңес** құрып, қызмет көрсету сапасы мен тұтынушыларға көрсететін іс-әрекеттің ашықтығын арттыру үшін Министрлік пен Реттеушіге **екі веб-платформа жасауда** қолдау көрсетті.

ТӘЖІКСТАН. USAID Тәжікстан энергожүйесін модельдеп, шығынды азайтуға, энергетика компанияларын біріктіріп, акционерлеуге, таза және жаңартылатын энергияны бәсеке сауда арқылы сатып алуға, энергия сақтау жүйесі бар автономды таза және жаңартылатын энергия бойынша пилоттық жобаларды іске асыруға көмектеседі. USAID пен Энергетика және су ресурстары министрлігі Тәжікстан энергетика нарығын модернизациялау мақсатында энергетика саласына арналған **Іс-әрекет** жоспарын жасау жөнінде келісімге қол қойды.

ТҮРКІМЕНСТАН. USAID таза және жаңартылатын энергияға арналған жобалар мүмкіндігін анықтап, **энергетика секторындағы көмірсутекті азайтудың кешенді және ауқымды стратегиясын** жасауға және мұнай, газ салаларындағы метанның ауаға таралуын азайтуға көмектеседі. Үкіметпен бірге іске асырылып жатқан бұл жоба электр қуаты мен қосалқы қызметтер әлеуетін және трансшекаралық сауданы дамытуға бағытталады.

ӨЗБЕКСТАН. USAID электр қуатын таратуға арналған пилоттық жобаларға сүйене отырып (шатырдағы күн панелі), нарықтың жаңа реттеушісі мен электрқуатының жаңа нарығына энергетика секторын корпоративті басқаруды жақсартуға, таза және жаңартылатын энергияны барлауға, сондай-ақ, қосалқы қызметтерді трансшекаралық сатуға қолдау білдіріп, көмірсутектің ауаға таралуын азайту мақсатында сутегінің заманауи технологияларын зерттеуге көмектеседі. Жоба сондай-ақ, **Таза және жаңартылатын энергетика инвесторларына арналған нұсқаулықты** әзірлеуге көмектесті.

ӨҢІР. USAID өңірде және трансшекарада электр қуатын сатуды қолдайды. USAID **Таза Энергияның Өңірлік Форумын** іске қосты. Оған энергетика саласының **300 өкілі қатысады.** USAID сондай-ақ **жасыл сутегіге** арналған жаңа оқу бағдарламасын жасап, өңірлік SCADA жүйесі үшін жаңа виеоқабырға сатып алу мақсатында General Electric Digital-ды тартпақшы. Осы мақсатта Ташкент мемлекеттік техникалық университеті мен Делавэр университеттері арасында байланыс орнатады.

САЛААРАЛЫҚ ҚОЛДАУ. Білім беру және Гендерлік бастамалардың көмегімен қолдау көрсетеді. Жас мамандарға қолдау көрсету мақсатында электр қуаты мамандығы бойынша Магистратураға стипендия бөлінді және гендерлік теңдік пен әлеуметтік инклюзияны алға жылжыту үшін **Әйелдер мен жастарға арналған менторлық желі** іске қосылды.

ІСКЕ АСЫРУ МЕРЗІМІ ҚАЗАН, 2020 – қыркүйек, 2025

БЮДЖЕТ \$39 миллион

Нәтиже



25 ҚҰЖАТ
ҰСЫНЫЛЫП, ОНЫҢ
9-ЫН ҮКІМЕТТЕР
ҚАБЫЛДАП, ІСКЕ
АСЫРДЫ



ЖОБА ӘЗІРЛЕУШІЛЕР
УӘДЕ ЕТКЕН \$2,24
МИЛЛИАРД
ИНВЕСТИЦИЯҒА ҚОЛ
ЖЕТКІЗДІ



624 МЕГАВАТТ ТАЗА
ЭНЕРГИЯ + 2883 МВт
ГАЗ ӨНДІРІЛДІ



11 МЛН. ТОННА CO₂
АТМОСФЕРАҒА
ТАРАМАДЫ



87 ИНСТИТУТҚА
КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ



1,688 ЭНЕРГЕТИК
КУРСҚА ҚАТЫСТЫ

БАЙЛАНЫС

Патрик Е. Майер
Энергетика жөніндегі
кеңесші, Орта
Азиядағы USAID
миссиясы, Алматы,
Қазақстан